

FTAMP 16.21.07

М.Ж. Камалиден¹ (orcid 0000-0002-2431-8553) - негізгі автор
Б.Т. Керимбаева² (orcid 0000-0002-0680-7126)

¹Магистрант, ² PhD докторант, доцент
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан
E-mail:¹meqramgul.kamaliden@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ПЕРИФРАЗАНЫҢ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақала лингвистикалық өзекті концепция - «перифраза» терминіне арналған. Зерттеу жұмысы тіл білімі саласындағы перифраза құбылысының анықтамасы мен рөлі және оның қызмет ету ерекшеліктерін талдауға негізделген. Перифраза - күрделі тілдік құбылыстардың бірі. Сөздердің бейнелі мағынада қолдану тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі. Перифразаның өзі үлкен экспрессивтілікке ие емес. Оның мағынасы мәтіндерде әртүрлі сипаттамалық (эстетикалық) функцияға, жақын немесе кең көлемді контексттің мазмұнына, тіпті кейде бүкіл шығарманың мәтініне байланысты болады. Мақаланың мақсаты - ағылшын тіліндегі перифразаны қолданудың негізгі ерекшеліктерін көрсету. Мақалада перифразалардың қолдану себептері қарастырылып, әрі осы құбылыстың мағынасы ашылуына мысалдар келтірілді. Перифразалардың қолдану тиімділігі, көркемдік, қоғамдық, публицистикалық қызметтерді атқару сипаттары баяндалды.

Тірек сөздер: тіл, перифраза, перифразалау, көркем сөйлеу, стилистикалық құрал.

Кіріспе. Тіл – тірі жан сияқты, үнемі толығып, жаңарып, дамып отырады. Тіл бір жерде жинақталып, өзгермей қатып қалатын өлі құбылыс емес. Сөйлеу кезінде бірнеше мағыналық сипатта өрбиді. Соның нәтижесінде көптеген жаңа терминдер, ұғымдар, теориялар, пайымдаулар үздіксіз пайда болуда. Тілде күрделі құбылыстар жүйесі көптеп кездеседі. Бұл күрделі құбылысқа осы мақала жұмысының басты объектісі болып табылатын перифразаларды да енгізуімізге әбден болады.

Адамзат баласының тілді жетік, еркін игергенін, бір ұғымды әртүрлі түрде айтып, әрі айтар сөзін перифразалау мүмкіндігінде байқалады. Перифразалау дегеніміз - мәлімдемені немесе ұсынылған тақырыпты дәл атын айтпай, синонимдерін, антонимдерін қолдану, сөйлемнің грамматикалық құрылымын образды түрде бейнелеу немесе сипаттау. Сөйлеушінің лингвистикалық қабілеттілігі жоғары болса, ол қарым-қатынас жасай отырып серіктесіне сипатталған оқиғаны қарапайым түрде білдіру үшін ғана емес, сонымен қатар оны оңтайландырып, өзгертіп, әрлеп, көрік беріп түрлі перифразаларға жүгінеді. Перифразаны дұрыс қолдану арқылы тілдің ішкі қасиетіне, мазмұнына мағыналық реңк беріп, оның әсерін одан сайын күшейтеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Дереккөздерде перифраза «құбылыстың немесе іс-әрекеттің бір сөзден тұратын атауын мағыналы фразамен ауыстырудан тұратын семантикалық фигура» деп түсіндіріледі [1]. Термин туралы осындай түсінікті көптеген еңбектер мен сөздіктерден табуға болады. Осылайша, қазіргі заманғы иллюстрацияланған энциклопедия келесі анықтаманы береді:

«Перифраза - бұл басқа сөз тіркестерінің арасында баламасы жоқ, қоршаған әлемнің осыған ұқсас шындығымен корреляция жасайтын және құбылыстар мен заттар туралы қосымша ақпарат беретін сөздердің өзіндік тіркесімі» [2].

Перифразалар сөйлеушіге, жазушыға қайталанудан аулақ болуға көмектесетін, сонымен бірге тақырыпты қайта сипаттай отырып, оған тән кейбір құбылыстарды бейнелі түрде ашатын стильдік құрал. 17-18 ғасырларда перифраза өте танымал стильдік құралға айналды. Көптеген елдерде әдебиеттегі жаңа бағыт қалыптастыруға, дамуға ықпалын тигізді.

Перифразаның бай тарихы бар. Ол тіпті Библия мен Гомердің «Илиадасында» кеңінен қолданылды, сонымен қатар латын поэзиясында поэтикалық құрал ретінде қызмет етті. Оған дәлел, зерттеуші Н.М. Разинкина былай деді: «перифразалық комбинациялар библиялық дәуірден бері белгілі, бірақ оларды алғаш рет тіл мен стильдің ежелгі теоретиктері – Аристотель, Квинтилиан, Цицерон зерттей бастады» деп атап көрсетеді [3].

Зерттеуші О.С. Ахманова «Словарь лингвистических терминов» еңбегінде перифразаны келесідей анықтайды: «Қарапайым сөзді ауыстырудан тұратын сипаттамалық өрнек және троп (кейбір сөздердің қарапайым белгілеуі)» [4].

Ал, Т.Ф. Ефремовтың ойынша «Перифраза - сипаттамалық өрнек, шындықтың объектілері мен құбылыстарын жанама, сипаттамалық белгілеуден тұратын стильдік құрал (негізінен эмоционалды-бағалау сипатында)» [5].

Т.В. Лыскова перифраза ұғымын былай қарастырады: «Сипаттаушы мақсатында, яғни эмоционалды-экспрессивті, көп сөзден тұратын қосалқы номинация, ерекше немесе жанама түрде көрсететін өрнек болып табылатын бағалау сипаты. Белгіленген объектінің белгілері (белгісі) немесе ана тілінде сөйлеушінің субъективті түрде анықталған шындық құбылысы» [6].

В.А. Кухаренко терминге былай сипаттама береді: «Нақтылы стильдік құрал, жай сөздің орнына жанама форманы қолданудан тұрады» [7].

М.Н. Гонзинаның айтуы бойынша «Ежелгі тіл теоретиктері шешендік-поэтикалық тілдің жасалуына үлкен мән берді, сол үшін де перифраза мәні жоғарылады, сөйлеуді безендіру құралы ретінде қызмет етті немесе эстетикалық тұрғыдан қолайсыз сөздерді ауыстыру үшін пайдаланылды» [8].

Десек те, ғалымдар әлі күнге дейін «перифраза» термині туралы нақты бір тұжырымға келген жоқ. Анықтамаларда және арнайы әдебиеттерді талдау барысында перифразаның әртүрлі түсініктері мен мазмұны бар екенін көрсетті. Сонымен қатар, терминнің әртүрлі атаулары бар. Мысалы: парафраз, парафраза, перефрас, перефрасис, парафразис, перефраз, перефраза. Алайда, бұл айтылым түрлері көне және қазірге кезде ғылыми әдебиеттерде өте сирек кездеседі. Бұл айтылым түрлері грек тілінен алынған және сөздіктерде «қайта айту», «өзгеру» деген мағыналарды білдіреді. Лингвистикалық анықтамаларда және ғылыми әдебиеттерде перифразаның «өрнектер» немесе «сөз тіркестері» деген анықтамалары да кездеседі. Көптеген ғалымдардың көзқарасы бойынша перифраза/перефраз термині француз тілінен кірме сөздер нәтижесінде пайда болды деп есептейді. Бұған, әсіресе, терминнің осы екі нұсқасы дәлел. Бірінші нұсқа француз тіліндегі перефраз алынған терминнің грамматикалық формасын сақтауға деген ұмтылысты көрсетсе, ал екіншісі француз тілінде фонетикалық көріністі сипаттайды.

Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде француз терминімен қатар перифразаның, метафразис (грекше *metaphrasis* «айналма сөйлеу»), циркуляция (лат. *Circlocutio* «бұрмалап сөйлеу»), кенинг (Shotl. *Kenning* «тану») синонимдері бар. Алайда, бұл терминологиялық сәйкестіктер анық емес. Сондықтан зерттеу жұмыстарында француз терминін қолданатын ғалымдардың көпшілігіне, оның алғашқы нұсқасы – перифразды қолданатын ғалымдарға қосылу орынды.

Перифраза ғылыми білімнің әртүрлі салаларында әдебиеттану, логика, стилистика, риторика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, морфология, музыкада кеңінен қолданылады. Бұл бізге тек лингвистикалық шеңберде ғана емес, басқа да ғылым саласында қарастырып, талдауға мүмкіндік береді.

Перифраза ұғымын нақты ажырату үшін бірнеше анықтамалық топтарға бөліп көрсетуге болады:

1. *Сипаттамалық өрнек ретінде*: «Перифраза - заттың, ұғымның, құбылыстың, адамның жанама аталуын ұсына отырып, қандай да бір жағын, қасиетін, ерекшеліктерін сипаттайтын өрнек» [9].

Өрнек дегеніміз – белгілі бір құбылысты сипаттайтын сөз тіркесі немесе сөйлем. Яғни, тілдік бірліктер деңгейіндегі «өрнек» терминінде перифразаны сөзден ғана ажыратады.

2. *Стилистикалық әдіс ретінде*: «Перифраза - қандай да бір сөзді немесе сөз тіркесін тура аталған заттың белгілерін сипаттамалық айналымымен алмастырудан тұратын стилистикалық әдіс» [10].

3. *Сөз тіркесі ретінде*: «Семантикалық бөлінбейтін сөз тіркесі, негізгі мақсаты заттың немесе құбылыстың өзіне тән белгілерін атап көрсетуге арналған...» [11].

4. *Номинация ретінде*: «Сипаттамалы номинация, әсіресе метонимдік» [12].

Бұл анықтама арқылы перифразаны номинативті бірліктер қатарына енгізуге болады. Номинация дегеніміз терминді екінші сипатта нақтылау.

Мысалы: *The first lady (wife of the president)*, *red planet (Mars)*, *The owner of the Kremlin (The President)*, *black gold (oil)* деп перифразаны екінші номинативті бірлік ретінде сипаттайды. Яғни, перифраза - көп сөзді номинативті бірлік. Бұл функциялар перифразаға тұтастай алғанда лингвистикалық құбылыс ретінде тән және олардың барлығы бір уақытта перифразалық жағдайда орындала алмайды. Сонымен қатар, перифразаның жалпы тілдік әмбебаптығы бір жағынан функционалды сыйымдылықтың және екінші жағынан функционалды әртүрліліктің негізі болып табылады.

Перифразалардың көптеген қызметтері бар, дәстүрлі түрлері негізгі және туынды болып бөлінеді. Негізгі функциялары номинативті және сипаттамалық. Ал туынды функцияларға – барлық басқа қызметтер, атап айтқанда: сатиралық, экспрессивті, алмастырушы, бейнелеуші, эвфемистік, стиль жасау функциялары жатады. Бұл функцияларды өзгертуге, кенейтуге, азайтуға, түрлендіруге болады. Ендеше, оларды толығырақ сипаттайық.

Номинативті функция. Перифраза қоршаған ортаның құбылыстарын, объектілері мен әлем шындықтарын білдіреді. Перифраза шындық объектісін, сонымен қатар сөздің номинативтілік сипатын атайды. Сондықтан да біз перифразаны қайта номинация деп айта аламыз. Перифраза үшін ең негізгісі номинативті қызмет болып табылады, өйткені ол оның негізгі маңызды қасиетін ашып, оны басқа тілдік құралдардан ажыратуға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл функция перифраза мен сөз арасында ең жақын

байланысты орнатады. Мысалы: *Diamond (the king of stones), attractions (industry entertainment), Australia (Green continent), Mars (red planet), The Beatles (Liverpool four), chess (Gymnastics for the mind), Yuri Gagarin (the first cosmonaut of the Earth), Internet (world cobweb)*, т.б. Көбінесе перифразаны қолданудың себебі - автордың әртүрлі сөйлеуге деген ұмтылысы. Осыған байланысты перифразалық өрнектердің номинативті қызметі көбінесе номинативті-синоним ретінде жүзеге асырылады. Перифразаның номинативті қызметінің тағы бір көрінісі – номинативті-эвфемистік қызмет.

Сипаттамалы функция. Бұл функция да перифразалық өрнектер үшін міндетті. Сөз тіркесінде немесе сөйлемде, перифразаның объектісін сипаттайды, бағалайды. Мысалы: *Lake Baikal (the Sacred Sea), museum worker (keeper of the eternal), Resort capital (Sochi), brush masters (artists), sea predator (shark), big forest cat (lynx), sweet roots (beets), invigorating drink (Coffee and tea)* т.б.

Эмоционалдық бағалау функциясы. Перифраза объектіні сипаттап қана қоймай, автордың оған деген эмоционалды-бағалаушы қатынасын білдіре алады. Мәтін неғұрлым эмоционалды болса, оның авторы бағалаушы перифразалық өрнекке көбірек жүгінеді. Авторлардың сентименталды бағыттағы мәтіндерінен, әсіресе көптеген бағалау перифразаларын кездестіреміз. Публицистикалық мәтіндерде қолданылатын перифразалар эмоционалды бағалау да мысал бола алады. Оларға тән бағалауды үш жолмен жүзеге асыруға болады: мақтау, ирониялық және айыптау.

Стиль жасау функциясы. Перифразалық комбинациялардың белгілі бір топтары мәтінде стиль құраушы элемент ретінде қызмет ете алады. Перифразаны көркем стильде, атап айтқанда поэтикалық жанрда қолданады. Соңғы онжылдықта перифраза журналистік стильде, атап айтқанда, газеттер мен журналдарда белсенді түрде қолданыла бастады. Журналистер оларды көбінесе біртектілікті жою үшін пайдаланады. Перифразалық бірліктердің көмегімен мәтін туындайды. Стиль қалыптастырушы функция жаңалықтар, телебағдарламалар, сондай-ақ ақпараттық сипаттағы баспа басылымдарында көрінеді. Бұл функция жиі пайдаланылады. Публицистикалық және газет стиліндегі перифразаның маңыздылығы оқырманның назарын өткен өміріндегі белгілі бір іс-әрекетке, оқиғаға, құбылысқа аудару үшін қолдануы немесе ақпаратты жақсы есте сақтау үшін жаңа, бұрын белгісіз болған нәрсені көрсетуінде.

Біз перифразалық функциялардың өзара әрекеттесетінін, бірін-бірі толықтыратынын тағы да атап өтеміз. Функциялардың арасында белгілі бір қатынастар бар: олардың кейбіреулері басым болса, басқалары тек негізгілерін толықтырады және кеңейтеді. Функцияларын бөлу функционалдық стильге, жанрға, жобаға, форматқа және т.б. байланысты. Перифразаны қолдану жағдайы функцияларының маңыздылығы бойынша бірдей болмайды.

Ақпаратпен жұмыс істеу кезіндегі маңызды ұғым - объектілердің жіктелуі болып табылады. Жіктеу - белгілі бір белгіге сәйкес объектілерді (құбылыстарды, процестерді, ұғымдарды) бөлу жүйесі. Ғылыми әдебиеттерде бүгінгі күнге дейін даулы мәселелердің бірі – перифразалардың жіктелу негіздерін анықтау мәселесі. Себебі, ағылшын тіліндегі перифразалардың құрылымдық функциясына қарай ғалымдар өте көптеген түрлерін ұсынған. Ендеше, перифраза ұғымын кең көлемде ашу үшін әр жіктелген топтарға сипаттама беріп көрейік.

Негізгі жіктелуі бойынша перифразалардың екі түрін ажыратуға болады:

1. *Бейнелі перифраза*. Бейнелі перифразалар метафоралық тіркестерге негізделіп жасалады. Жалпы алғанда, метафора мен перифраза ұқсас келеді. Олардың арасындағы басты айырмашылық құрылымдық тәртібінде. Бірақ бұл айырмашылық маңызды болып табылмайды. Ендеше, мысал келтірейік:

"Later, welcoming all the participants, he will emphasize that journalists are also responsible for the development of civil society. Especially the head of Kalmykia emphasized the role of veterans of the press, television and radio in the education of a new generation of feather sharks". Бұл мысалда «*feather sharks*» перифразалық комбинациясы «журналист» сөзінің орнын басады, бұл осы кәсіпке деген оң бағаны көркем түрде білдіріп, қайталанудан сақтайды. Ағылшын тілінде мұндай мысалдар өте көп кездеседі:

"And for some reason, without a ship of the desert ... After all, according to eyewitnesses, a couple of days ago, the ex-dictator went to the store to shop on the". Ал бұл мысалда «*ship of the desert*» перифразасы «түйе» сөзінің орнында тұр.

Т.П. Тимофеева осы перифраза түрін былай анықтайды: «бейнелі перифраза көптеген троптар метафора, метонимия, аллюзия, персонификация, гипербола, литот негізінде жасалады» деп атап көрсетеді [13]. Перифразаның бұл түрі фразеологизмдерге бейім екенін айта кеткен жөн. Бейнелік перифраза автордың жеке бағасын білдіреді, шындық құбылысының немесе объектінің кез келген белгілерін сипаттайды. Бейнелі перифразада бағалаушы лексиканы қолдануға болады. Мұндай перифразалар сөйлеуге сан алуан мағына мен экспрессиялық баға бере алады.

2. *Логикалық перифраза*. Басқаша айтқанда, бұл синонимдік өрнектер. Кең мағыналы сөздерді белгілі бір қысқа әрі нақты сөзбен алмастыратын перифразаның түрі. Дегенмен, бұл жерде алмастырылған тұжырымдаманың мағынасы дерексіз бейнеге айналмауы маңызды. Мысалы: *"people in white coats" (doctors), "red cheat" (fox), "king of beasts" (lion), "blue screen" (TV), "night light" (moon)*. А.С. Елизарова перифразаның бұл түріне мынадай сипаттама береді: «Кең немесе ауқымды ұғымды белгілі бір қысқа әрі нақты ұғымға ауыстыру арқылы жасалады, немесе керсінше» деп түсіндірді [14].

Перифразалық сөз тіркестерді жіктеудің басқа да түрлері бар, мысалы:

3. *Түпнұсқалы перифраза*. Яғни авторлық, жазушының өзі ойлап тапқан перифраза түрі. Жазушының тіл байлығына, өзіндік пікіріне сай белгілі бір құбылысқа көркем түрде сипаттама беретін өзіндік қолтанбасы. Мысалы: *"The Uncle Sam has the most advanced universities..."*. Бұл жерде автор «The Uncle Sam» перифразасы «Америка Құрама Штаттары» сөзінің орнында қолданып тұр, өйткені «The Uncle Sam» Америка Құрама Штаттарының символы болып табылады.

4. *Дәстүрлі перифраза*. Тиісті контекстсіз де мағынасы түсінікті, яғни мағынасын ашу үшін түсіндірме мәтін қажет етпейтін перифраза түрі. Мұндай перифразаларға, келесідей түрдегі комбинациялар жатады: *cap and gown (student), a gentleman of the long robe (lawyer), the fair sex (women), my better half (wife)* және т.б. Бұл дәстүрлі перифразалар жақшадағы көрсетілген сөздермен синоним. Олар фразеологиялық бірлік ретінде тілдің сөздік құрамына кіреді. В.П. Москвин ұсынған перифразалардың басқа да классификациялары бар. Ол оларды компоненттердің саны бойынша жіктейді:

5. *Екі сөзден тұратын перифраза*. Аты айтып тұрғандай, екі компоненттен құралған перифраза түрі. Басты ерекшелігі компонентер бір-

бірімен қабыса байланысып, семантикалық жүйесіне қарай құрамындағы сөздердің мағынасы жоғалмауы қажет.

6. *Үш сөзден тұратын перифраза.* Яғни, перифразаның сөйлемде болуы кем дегенде үш сөздің бірігуінін жанама түрде қажет екенін атап көрсетеді.

7. *Көп компоненттен тұратын перифраза.* Ағылшын тілінде көп мүшелі компоненттен құралған перифразалар баршылық. Бұл перифраза түріне біз төрт немесе одан да көп сөздерден құралған перифразаларды жатқыздық.

Қазіргі ағылшын тілінде перифраза ұғымымен қатар, перифразалық құбылысымен тығыз байланысты эвфемизм термині де кездеседі. Эвфемизм термині (грек тілінен аударғанда «eu» - «жақсы», «phemi» - «мен айтамын») ежелгі гректер заманынан бастап айтар сөзімізді жұмсартуға қызмет ететін стилистикалық тропты белгілеу үшін қолданылып келеді. Эвфемизм дегеніміз - жағымсыз, дөрекі, әдепсіз немесе төмен деп саналатын ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері. Бір ұғымды екінші ұғыммен алмастыру, стилистикалық жағынан неғұрлым бейтарап. Оның мақсаты – тұжырымдаманы нақтылау, неғұрлым көрнекті ету. Жалпы тілдік эвфемизмдердің негізінен анайы, тұрпайы сөйлеуден сақтандырып, сыпайы болуға баулиды. Эвфемизм сөйлеушілерге сөйлеу мәнерін, тонусын, интонациясын коммуникативті жағдайларын қалыпты ұстауға мүмкіндік береді. Эвфемизм қарым-қатынаста қақтығыстар тудырмауға көмектеседі. Бұл жағдайда прагматикалық - сыпайылық қағидасы әрекет етеді. Яғни жағымсыз қылықтарды сыпайылап, жұмсартып айтуды көздейді. Эвфемизмнің жасалу жолдары өте алуан түрлі. Ең көп таралған тәсілі - бұл метонимияны қолдану. Эвфемизм метафора, перифразалар және басқа құралдар арқылы қалыптасады.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Перифраза - стилистикалық құрал, сөйлеудің көркем фигурасы немесе көркем троп ретінде анықталады. Бұл тілдік тіркестің тарихы ғасырлар бойы үздіксіз дамыды, бірақ тіл мамандары перифразалық өрнектердің табиғатын күні бүгінге дейін зерттеуде. Перифразаның спецификалық белгілері бейнелілік, тұрақтылық, сипаттамалық және экспрессивтілік.

Мақалада біз перифразалардың көптеген қызметтерін қарастырдық, алайда олардың негізгілері номинативті және сипаттау болып табылды. Дәл осы функциялар перифраза үшін шешуші рөл атқарады, олардың бір немесе бірнешеуін бір уақытта жүзеге асырып перифразаға бірнеше ғасырлар бойы сөйлеушінің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыратын өте танымал сөйлеу құралы болуына мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, басқа да қосымша функциялар осы екі негізгі функционалды аспектінің ерекше көрінісі болып табылады.

Бүгінде, перифраза – журналистердің, теледидарда және баспасөзде белсенді қолданатын жарқын экспрессивті құралы болып отыр. Мақалаға көз жүгірте отырып зерттеу негізіне сай, біз перифраза ұғымына келесідей анықтама бергіміз келеді, яғни перифраза дегеніміз:

- объектілерді немесе құбылыстарды номинациялау, яғни образдық, көркем сипат бере алу қабілеті;
- объектіні немесе құбылысты екінші рет басқаша атау;
- номинативті образдық түрдегі сипаттылығы;
- номинативті өрнектің семантикалық бөлінбеуі;

- экспрессивтілік қызмет атқарып, айтар сөздің көркін ашатын сипаттамалық өрнек (эмоционалды бағалау сипаты).

Біз, жоғарыда көрсетілген барлық анықтамаларға сүйене отырып перифразаны семантикалық жағынан бөлінбейтін өрнек ретінде сипаттамалы, эмоционалды, әрі екінші номинация ретінде, кейде автордың жеке ойын, бағасын және номинат сөзінің контекстік синонимі болып табылатын образдық түрдегі өрнек деп анықтадық. Жалпы баяндалған мәліметтің нәтижесінде перифраза анықтамасына талдау жасай отырып, таралу ауқымдылығы және «перифраз» ұғымының мазмұны мен көлемі айтарлықтай кең екенін көрсетті. Зерттеу барысында перифразаның механизмдік мағынасына қарай олардың тұжырымдамалық белгілерін салыстыра келе танымдық-семантикалық жағынан жақын төрт нұсқасы анықталды: метонимикалық, метафоралық, аллювиалды және эвифемистік.

Қорытынды. Тіл - қоғамның дамуымен бірге өзгеріп отырады. Сондықтан перифраза ұғымына қатысты зерттеулер тоқтамақ емес, тіпті одан әрі тереңдетіп ізденуді талап етеді. Тақырыпты егжей-тегжейлі зерттеу барысында ағылшын тіліндегі перифразаны қолданудың негізгі ерекшеліктері, оның маңызды құрамдас бөліктері, түрлері мен қызметтеріне нақты тоқталып, көрнекі мысалдар келтірілді.

Қазір перифразалардың құрылымы мен мағынасын жақсы білу тиімді қарым-қатынас жасауға мол мүмкіндік береді. Осындай образды тіркестердің өміршендігін оның қолданысынан байқауға болады. Көркем әдебиет, публицистика және ауыз екі қарым-қатынаста перифразаны пайдалану тілдің, яғни тұлғааралық қарым-қатынас құралының бай, көркем, мағыналы, жатық болуына мейлінше алғышарт бола алатынына сеніміміз мол.

Әдебиеттер тізімі

1. Литературная энциклопедия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://dic.academic.ru/dic.nsfenc_literature/3630.
2. Прокудина, Т.А. О понятии перифраз [Текст] / Т.А. Прокудина // Образование и функционирование фразеологических единиц. – 1981. – С. 43-51.
3. Разинкина, Н.М. Функциональная стилистика английского языка [Текст] / Н.М. Разинкина. – М.: Высшая школа, 1989. – 115 с.
4. Ахманова, О.С. Словарь лингвистических терминов [Текст] / О.С. Ахманова. – М.: Сов. энциклопедия, 1966. – 312 с.
5. Ефремова, Т.Ф. Новый толково-словообразовательный словарь русского языка [Текст] / Т.Ф. Ефремова. – М.: Дрофа, 2000. – 1233 с.
6. Лыскова, Т.В. К вопросу о понятийно-терминологическом аспекте перифразы [Текст] / Т.В. Лыскова // Семантика. Функционирование. Текст: Межвузовский сборник научных трудов. – Киров: Изд-во ВятГГУ, 2007. – С. 105-113.
7. Кухаренко, В.А. Practice in English stilistics [Электронный ресурс] // Все для студента. – Режим доступа: URL:<http://www.twirpx.com/file/162474/>.
8. Гонзина, Н.М. Анализ явления «перифраза» в историческом аспекте [Текст] / Н.М. Гонзина // Гуманитарные исследования. – 2013. – №2(46). – С. 21-25.
9. Бельчиков, Ю.А. Перифраза [Текст] / Ю.А. Бельчиков // Русский язык. Энциклопедия. – М.: Дрофа, 1997. – 33 с.
10. Гридина, Т.А. Языковая игра: стереотип и творчество [Текст] / Т.А. Гридина. – Екатеринбург, 1996. – 215 с.
11. Грехнева, Л.В. Функции перифрастической номинации [Текст] / Л.В. Грехнева // Бодуэновские чтения: Бодуэн де Куртенэ и современная лингвистика. – Казань: Изд-во Казанского университета. – 2001. – 150 с.
12. Захарова, А.Л. Итоговые перифразы как ярчайшая оценка жизни и творчества известных лиц [Текст] / А.Л. Захарова // Бюллетень медицинских интернет-

- конференций. - Вып.11. - Т. 3. -2013. - С. 1258-1261.
13. Крупнов, В.Н. Язык современной прессы [Текст] / В.Н. Крупнов.-М.: Высшая школа, 1993. - 224 с.
14. Елизаров, А.С. Перифразы в стиле Н.М. Карамзина [Текст]: дис. ... канд. филол. наук / А.С. Елизаров. - М: МГУ, 1993. - 231 с.

Материал редакцияга 11.11.21 түсті.

М.Ж. Камалиден, Б.Т. Керимбаева

*Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова,
г. Актобе, Республика Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ УПОТРЕБЛЕНИЯ ПЕРИФРАЗА В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. Статья посвящена актуальному лингвистическому понятию - термину «перифраза». Исследование основано на определении и роли феномена перифраза в области лингвистики и анализе особенностей его функционирования. Перифразия - одно из самых сложных языковых явлений. Это своего рода художественный троп, относящийся к методу образного употребления слов. Перифраза сама по себе не обладает большой экспрессивностью. Её сущность заключается в выполнении в текстах разных типов характеризующей (эстетической) функции в соответствии с содержанием ближайшего или широкого контекста, иногда даже текста всего произведения в целом. Цель статьи - показать основные особенности использования перифраза в английском языке. Изучены причины использования перифраза а так же приведены примеры для раскрытия смысла этого явления. В статье поднимается вопрос как подчеркивает исследователями, эффективно ли использование перифраза, выполняют ли они художественные, социальные, публицистические функции.

Ключевые слова: язык, перифраза, перифразирование, художественная речь, стилистический фигура.

M.Zh. Kamaliden, B.T. Kerimbaeva

K. Zhubanov Aktobe regional University Aktobe, Kazakhstan

FEATURES OF THE USE OF PARAPHRASE IN ENGLISH

Abstract. This article is devoted to the actual linguistic concept - the term "periphrase". The study is based on the definition and role of the phenomenon of periphrasis in the field of linguistics and analysis of the features of its functioning. Periphrasia is one of the most difficult linguistic phenomena. This is a kind of artistic trope related to the method of figurative use of words. The periphery itself is not very expressive. Its essence lies in the performance of a characterizing (aesthetic) function in texts of different types in accordance with the content of the immediate or wide context, sometimes even the text of the entire work as a whole. The purpose of the article is to show the main features of the use of paraphrase in English. The reasons for the use of paraphrase are studied, as well as examples are given to reveal the meaning of this phenomenon. The article raises the question of how researchers can emphasize whether the use of the periphery is effective, whether they perform artistic, social, journalistic functions.

Keywords: language, periphrase, paraphrasing, artistic speech, correctness, stylistic figure.

References

1. Literaturnaja jenciklopedija [Literary encyclopedia] - [Electronic resource]. Access mode: http://dic.academic.ru/dic.nsf/enc_literature/3630. [in Russian].
2. Prokudina T.A. O ponjatii perifraz [On the concept of periphrase] // *Obrazovanie i funkcionirovanie frazeologicheskikh edinic* [Formation and functioning of phraseological units]. - Rostov na Donu: Rus. yaz., 1981. - P. 43-51. [in Russian].
3. Razinkina N.M. Funkcional'naja stilistika anglijskogo jazyka [Functional stylistics of the English language]. - Moscow: Higher school, 1989. - 115 p. [in Russian].
4. Akhmanova O.S. Slovar' lingvisticheskikh terminov [Dictionary of linguistic terms]. Moscow: Sov. encyclopedia, 1966. – 312 p. [in Russian].
5. Efremova T.F. Novyj tolkovno-slovoobrazovatel'nyj slovar' russkogo jazyka [New explanatory and derivational dictionary of the Russian language]. - Moscow: Bustard, 2000. - 1233 p. [in Russian].
6. Lyskova T.V. K voprosu o ponjatijno-terminologicheskom aspekte perifrazy [To the question of the conceptual and terminological aspect of the periphery] // *Semantics. Functioning. Text: Interuniversity collection of scientific papers*. - Kirov: Publishing house of VyatGGU, 2007. - pp. 105 - 113. [in Russian].
7. Kukhareno V.A. Practice in English stilistics // *Everything for the student*. - [Electronic resource]. Access mode: <http://www.twirpx.com/file/162474/> (date accessed: 24.02.2015). [in Russian].
8. Gonzina N.M. Analiz javlenija «perifraza» v istoricheskom aspekte [Analysis of the phenomenon of "periphrase" in the historical aspect] // *Humanitarian studies*. - 2013. - No. 2 (46). - P. 21-25. [in Russian].
9. Belchikov Yu.A. Perifraza [Periphrase] // *Russian language. Encyclopedia*. - Moscow: Bustard, 1997. - 33 p. [in Russian].
10. Gridina T.A. Jazykovaja igra: stereotip i tvorcestvo [Language game: stereotype and creativity]. - Yekaterinburg, 1996. - 215 p. [in Russian].
11. Grekhneva L.V. Funkcii perifrasticheskoj nominacii [Functions of peripheral nomination] // *Baudouin readings: Baudouin de Courtenay and modern linguistics*. - Kazan: Publishing house of Kazan University. - 2001. - 150 p. [in Russian].
12. Zakharova A.L. ovye perifrazy kak jarchajshaja ocenka zhizni i tvorcestva izvestnyh lic [Final paraphrases as the brightest assessment of the life and work of famous persons] // *Bulletin of medical Internet conferences*. - Issue 11. - V. 3.-2013. - P. 1258-1261. [in Russian].
13. Krupnov V.N. Jazyk sovremennoj pressy [Language of the modern press]. – Moscow: Higher school 1993, 224 p. [in Russian].
14. Elizarov A.S. Perifrazy v stile N.M. Karamzina [Periphrases in the style of N.M. Karamzin]: dis. ... Cand. philol. sciences. – Moscow: Moscow State University, 1993. - 231 p. [in Russian].